

Көгілдір отын – көпке үнем

2-бет



Арқа жұртын әуенмен әлдилеген

4-бет



«Әр өлеңі – қазақтың қара өлеңі...»

6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 20 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ №55 (23 231)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ СЫЙЛЫҒЫ

Мәдениет майталмандарының мерейі

С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында Қарағанды облысы әкімінің дәстүрлі сыйлығын мәдениет майталмандарына салтанатты табыстау шарасы өтті. Аукымды жиында аймақтағы өнер мен мәдениетке еңбегін сіңірген үздіктер бас қосты. Осымен 18-ші рет ұйымдастырылған шараның «Мамандыққа адалдығы үшін» атты Бас жүлдесін хәм екі миллион тенге ақшалай сертификатын С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының актері, сахна саялағы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес Жұмабеков пен Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік басшысының орынбасары Гәзиз Әбжағамбетов жеңіп алды. Ал, әріптесіміз, Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырхан «Алтын жолақ» аталымын олжалап, Арқа баспасөзінің мерейін тасытты.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы елімізге табиғи байлығымен ғана емес, сонымен қатар дарынды әрі даңқты өнер санлақтарымен танымал. Атап айтсақ, Тәттімбет, Мәди, Жүсіпбек Елебеков, Сыдық Мұхамеджанов, Манарбек Ержанов, Күләш Бәйсейітова және Қайрат Байбосынов қасиетті Арқа жерінен түлеп ұшып, күллі қазақтың мақтанышына айналған. Бүгін осы залда ұлт музыкасы мен өнерін, мәдениеті мен руханиятын ғасырдан ғасырға жалғап келе жатқан кешегі аға буынның сара жолын жалғаушы жандар отыр. Мемлекеттің міндеті мәдениеттегі озық дәстүрді сақтау, жаңа бастамаларға ынталандыру, тың ізденістерге батыл қадам жасай алатын жандарға қолдау көрсету. Ендеше, өнеріміз бен мәдениетіміз өркендей берсін, – деді облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов.

Байқауға облыстың шалғай ауылдарынан да үміткерлер құжат тапсырған. Облыс әкімінің сыйлығы бекітілген күннен

бастап, 425 адам осы сыйлықтың лауреаты атанды.

Биыл әкім сыйлығына алғаш рет «Жыл архивісі» номинациясы енгізіліп отыр.

Бұл жылы байқауға 97 өтінім берілген. Облыс әкімінің мәдениет, өнер саласындағы сыйлықтары 24 номинация бойынша табысталды.

Аймағымыз қашанда таланттарға бай. Театрларымыз, жекелеген әншілер, күйшілер, актерлер түрлі халықаралық бәйгелерде топ жарып жүр. Бұл облыс әкімдігі мен мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауының арқасы. Осы сыйлықты алып, толқып тұрмын. Барлық номинанттарды құттықтаймын. Мәдениет пен өнерді қолдау осылай жалғаса берсе, біз еңбек етуден, биік шыңдарды бағындырудан шаршамаймыз, – деді Кеңес Нарынбайұлы.

Салтанатты рәсімнің мерекелік бағдарламасына кәсіби әртістер мен көркемөнерпаз ұжымдары қатысып, кештің көрігін қыздырды.

«Жыл артисі» номинациясы – С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ дра-

ма театрының артисі Айдос Нұрмағамбетов пен Академиялық музыкалық комедия театрының артисі Мария Васильеваға, «Үздік эпизодтық рөл» аталымы – Балалар мен жасөспірімдерге арналған Теміртау театрының артисі – Наталья Снегиреваға, «Жылдың театр режиссері» номинациясы – Теміртау қаласындағы «Современник» халық театрының режиссері Виктор Горемыкинге бұйырды.

Ал, «Эстрадалық жанр вокалісі» аталымын – Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Арай» ансамблінің солісі Ренат Қонакбаев, «Классикалық жанрдың үздік вокалісі» аталымын – Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігі «Әуен» ансамблінің солісі Нұрбол Темірғалиев, «Халық әнін үздік орындаушысы» номинациясын – Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің солісі Ришат Шабденов жеңіп алды.

«Жылдың инструменталісі» аталымы – Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптар академиялық оркестрінің артисі Амангелді Усенов пен Қ.Байжанов атындағы

концерттік бірлестіктің және Академиялық музыкалық комедия театры оркестрінің артисі Вадим Лагунковке, «Үздік жеке аспапта орындаушы» аталымы – Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Мерей» ансамблінің солист-инструменталісі Людмила Проппанга, «Жыл дирижері» номинациясы – Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары академиялық оркестрінің бас дирижері Ерлан Бақтыгерейге, «Жыл композиторы» атағы – Қарағанды гуманитарлық өнер колледжінің директоры Есжан Әміровке, «Жыл хореографы» аталымы – Нұра ауданы мәдениет үйінің «Шұғыла» ансамблінің хореографы Хасымхан Нұрқұлманға, «Балет және хореографиялық ұжымның үздік артисі» номинациясы – Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Ақсу» фольклорлық-хореографиялық ансамблінің артисі Айсулу Ахметжановаға бұйырды.

Ал, «Үздік көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі» атағын – «Қайран жастар» халық хорының көркемдік жетекшісі және Қарқаралы ауданының мәдени-сауық орталығының «Салтанат» ән-би ансамблінің хормейстері Темірбек Сыздықов, «Үздік бос уақытты ұйымдастырушы» аталымын – Қарағанды қаласының «Теміржолшылар» мәдениет сарайының басшысы Серік Мұқанов, «Ауылдың үздік мәдениет қызметкері» аталымын – Бұқар жырау ауданы Ақбел ауылының клуб меңгерушісі Гаухар Молдабаева, «Ауылдың үздік кітапханашысы» атағын – Шет ауданы Ақой ауылының кітапханашысы Шолпан Ахметбекова, «Үздік кітапханашы» номинациясын – Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Марина Подгайнова, «Үздік айтыскер» аталымын – «Айтыстың ақпаңгері» атанған айтыскер ақын Дидар Қами, «Үздік музей қызметкері» атағын – облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Ержан Нұрмағамбетов, «Жылдың үздік суретшісі» аталымын – қазақстандық танымал суретші Кәріпбек Күйіков, «Үздік архивист» номинациясын – Қарағанды облысының мемлекеттік архив бөлімінің басшысы Ольга Беркун жеңіп алды.

Кәріпбек Күйіков пен Кеңес Нарынбайұлы сахнаға көтерілгенде халық тіп тұрып, қол соқты. Адал еңбек ақталды деген осы.

Салтанатты шарада мәдениет пен өнердің үздік қызметкері атанып, «Алтын қобыз» мүсінін иеленген жеңімпаздарға 1 000 000 теңгенің сертификаты мен диплом табысталды.

• ТӘУЕЛСІЗДІК ИГІЛІГІ

Ұлттық киімді ұлықтаған «Нұрәсем» сән үйіне – 30 жыл

Кенестік дәуірдің құрсауынан босап, дербес мәртебеге ие болған Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары. Етек-жеңімзді жиып, елдік мұратқа ұмтылған тұста, ұлттық құндылықтарымызға мән бере бастадық. Өткенді еске алып, өшкенімізді жаңғырту жолына бет бұрдық. Оңайға соқпады. Орыстанған ортаға ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана сіңіру де оңай емес. Осы тұста «Нұрәсем» сол бір қалыптасқан болмысты бұзып, ортаға сынадай қағылды. Әр ұлттың өзінің басты ерекшелігі ұлттық киімінде екенін назарға алған Венера Исина қазақтың ұлттық киімдерінің қайта оралуына орасан зор еңбек сіңірді. Әсіресе, бұл жобаның Қарағанды қаласында қолға алынуы тарихи маңызға ие болды.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізде жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға қошу үрдісі басталды. Экономикалық реформалардың негізінде – экономиканы мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, кәсіпкерлікті дамыту, бағаны босату, несие саясатын дамыту сияқты тың өзгерістер орын алды. Нарық саясатының негізгі қағидасы «заманың түлкі болса, тазы боп шал» болды. Жаңа бір кезеңге өту үрдісі ұзақ уақытты қажет ететіні белгілі. Оны түсіну, түйсіну мен үйрену процестері біраз уақыт алады. Дегенмен, бұл саясат оңайды қажет етпеді. Тоқырауға түскен халық бірден ес жиып, әркім өз жолын таңдады. Сондай жанның бірі – «Нұрәсем» ЖШС-нің іргетасын қалаған Венера Әбдіғалиқызы Исина болды.



Заман қожаы нарық келген тұста, қолға алдым бұл істі. Оған дейін «ТекстильТурБаза» деген жерде мата сапасын бақылаушы маман болдым. Осы жылдары басталған тоқырау кезеңінде жұмыс орнымнан өз еркіммен шығып, іс тітуге ден қойдым. Алғаш рет үш бөлмелі пәтерде үш тігін машинасымен бастаған едім. Іс тігу мен үшін тансық дүние емес. Адам он саусағынан өнер тамған ісмер адам болды. Ауыл адамдарына шапан, тақия, тымақ тігетін еді. Осы қасиеті менің де қанша сінген. Тәуелсіздік алып жатқан алғашқы жылдарымыз. Өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды танытатын кез. Неге ұлттық киімдерімізді тігіп, насихаттамасқа деген ой келді. Сол мақсатпен іске кірістім. Алғаш рет С.Сейфуллин театры мен Кеңешілер мәдениет сарайында өзміздің ұлттық киімдер топтамасын көрсеттік, – дейді Венера апай.

Қазақ халқы қандай нәубетті басынан өткерсе де, ата дәстүрін есте естен шығармады. Халқының осы асыл қасиетін басшылыққа алған Венера Әбдіғалиқызы ұлттық киімдер тітуге баса ден қойды. Өңірлердегі мәдени ошақ өнерпаздарына арнап ұлттық киімдер тікті. Қарқаралыдағы «Салтанат» ансамблінің шетелге шыққанда киген киімдерінде «Нұрәсемнің» қолтаңбасы өрнектелді. Ақтоғайлық «Тоқырауын толқындары» ансамблі де ұлттық киімдер тіккізуді Венера апайдың қолына сеніммен тапсырды.

► 8-бет

Құрметті мәдениет және өнер саласының қызметкерлері, қадірлі жерлестер!

Сіздерді мәдениет және өнер саласы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер өз өнерлеріңізбен адам жанына ең бір жарқын, ұмытылмас сәттерді сыйлап қана қоймай, осы арқылы болашақ ұрпақты тәрбиелеуге де үлес қосып келесіздер. Биыл сіздердің қолдауларыңызбен біз Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығын, Ақан сері Қорамсаулының 180 жылдығын, Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдығын атап өтеміз.

Бүгінде облысымызда мәдениет саласын қолдауға барынша көңіл бөлініп келеді. Өткен жылы біз облысымыздағы музыканттар мен актерлердің 40 отбасына баспана бердік. Бұл біздің өнер саласы қызметкерлердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарымыздың бірі. Биыл да бұл игі шаралар өз жалғасын табады.

Сонымен қатар, біз театрларда дыбыстық және жарық жабдықтарын жаңарттық. Бұл біздің өнер ордаларына одан да жарқын және есте қаларлық қойылымдарды сахналауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, облысымыздың үш театры – С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры мен К.Станиславский атындағы орыс драма театрына және Теміртау балалар мен жасөспірімдер театрына автобустар сатып алынады. Бұған қоса облыстық тарихи-өлкетану мұражайының көрме залдарын қайта экспозициялауға қаражат бөлінді. Мұның барлығы мәдени іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, өнер ордаларына жаңа көрермен тартуға мүмкіндік береді.

Біз сіздерді осынау жарқын мерекемен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың

II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 тг

Қарағанды қ., Ермеков к., 33 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлтан – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 485.89

• USD/KZT 449.19

• RUB/KZT 5.61

• CNY/KZT 63.89

Қазақстан Ұлттық Банкінің 19 мамыр, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ГАЗДАНДЫРУ

Көгілдір отын – көпке үнем

Қарағанды облысында орталық газға қосылу қолжетімді бола түсті. Өңірде арнайы бағдарлама іске қосылған. Көгілдір отынды қосуға тілек білдірушілер тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы арқылы бес жылға пайызсыз несие ала алады. Оны ресімдеу мүмкіндігінше жеңілдетілді.

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарламаны алғашқылардың бірі болып Қарағанды қаласының тұрғыны Сәния Нығматулина пайдаланды.

– Біз тұратын Речная көшесіне газды қыс басталмас бұрын өткізген болатын. Үйімізге көгілдір отын құбырын тартуды көктемге дейін кейінге қалдыруды шештік.

Мұндай бағдарламаның барын әлеуметтік желіден оқып, бірден «ҚазТрансГаз Аймаққа» техникалық шарттар алуға бардым. Газға қосылғанымызға екі күн болды. Жалпы сомасы – 749 мың теңге. Бес жылға бөліп төлейміз, ай сайынғы төлем – 12 500 теңге. Құжаттар тез ресімделді. Үйіміздегі игілікті көрген көрші-қолан да құжат жинау амалдарына кірісіп кетті, – деді Қарағанды тұрғыны

куанышын жасырмай.

Сәнияның айтуынша, ол жастайынан көмірмен жылытылатын үйде өмір сүріп келеді. Не дегенімізбен, көгілдір отынның ұтымды екендігіне көзі жеткендей.

– Енді уақытылы сапалы көмір сатып алу қажеттігіне бас ауыртпаймыз. Таңертең үйден еш уайымсыз ұяй беріп, күні бойы «пештегі көмір қалай жанып жатыр екен» деп қадағалаудың да қажеті жоқ. Экологиялық таза отын тұрмысымызды едәуір жеңілдетті. Құл шығарып та керек емес. Тамызық дайындап әуре болмайсың. Ал, бұрын тонна-тонна көмір жағатынбыз. Қазір сол бейнеттен құтылдық, – дейді Сәния.

Биылғы бағдарлама 300 үйге арналған. Болашақта нысан санын 500-ге дейін арттыру көзделуде.

– Өңірлерді көгілдір отынмен қамту мәселесі әрдайым өзекті. Әрине, бұл – оң қадам. Бұқара халыққа бірден көп ақша жұмсаудың қажеті жоқ. Сонымен қатар, сапалы жұмыстарды жүргізуге мемлекет көп қолдау береді. Біз бағдарламаның операторымыз. Бұл – республикадағы пилоттық жоба.

Облыстық бюджеттен қаражат бөлінді, – деп түсіндірді Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығының директоры Данияр Дүйсебаев. – Несие ресімдеу барында жеңілдетілді. Барлығы тұрғындардың ширақтығына байланысты. Барлық құжаттар болған жағдайда жұмы-



старды толықтай өткізуді ресімдеу шамамен 10 күнді алады.

«Бүгін 50-ден астам өтінім өңделуде», – деп хабарлады ол.

Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін де қолдау бар. Бірқатар санаттар үшін 300 мың теңге мөлшерінде біржолғы төлем қарастырылған.

Облыс орталығының тұрғындарын газдандыру кезең-кезеңмен жүргізілуде. Бүгінде қызмет 4 мыңнан астам абонентке қолжетімді, оның төрттен бір бөлігі техникалық шарттарын алды. Газға 808 үй қосылды.

Желілер құрылысы әрі қарай жалғасуда. Биыл үшінші кезекті аяқтау көзделіп отыр, бұл тағы 2057 тұрғын үйді газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шаһарды газдандырудың жобасы шеңберінде 16 іске қосу кешенін қамтитын 4 кезек газ құбырын салу диттелді. Тұрғын үйлерге газ тарату желілерін жүргізу бойынша жұмыстар кезең-кезеңмен әрі қаражат бөлінісіне қарай жүргізіледі. Бүгінгі күні «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ пайдаланушы ұйымының балансына бірінші кезектегі бірінші және екінші іске қосу кешендері пайдалануға беріліп, 4 201 тұрғын үйді орталықтандырылған газбен жабдықтауға қосуға мүмкіндік берді. Жыл соңына дейін бірінші кезектің үшінші іске қосу кешенінің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, өткен жылы бірінші кезектегі 4,5,6 іске қосу кешендерінің орамшilik газ тарату желілерін

әзірлеу басталды. Алайда, жобалау ұйымы белгіленген мерзімде шарттық міндеттемелерде көзделген жұмыстарды орындамағандықтан, сот рәсімдері жүргізілуде. Сот рәсімдері аяқталғаннан кейін аталған іске қосу кешендерінің құжаттамасын әзірлеу мүмкіндігі болады, оны жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр және одан әрі кезең-кезеңмен іске асыру басталады. Көгілдір отынның қажеттілігі күн санап артауда. Байыпты бағдарламаның тиімділігіне көзі жеткен қала тұрғындарының көпшілігі көгілдір отынның игілігіне таяу арада қол жеткізетініне бек сенімді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• БРИФИНГ

Қанша адамға баспана бұйырады?

Қарынның тоқтығы баспананың жоқтығын бүтіндей алмайды. Әркімнің басыбайлы меншік үйі болмайынша, тірлікте береке табу – қиын. Жалпы, Қарағанды облысында баспана құрылысының қарқыны ел бойынша алдыңғы бестікті иеленеді. Бірақ, бұқараның қажеттілігін толық жабуға әлі жетпеді. Қазір баспанаға сұраныс та артауда. Мәселен, мемлекеттік тұрғын үй қорының кезегінде аймақта 33 461 азамат тұр. Бұл көрсеткіш былтырмен салыстырғанда 1760 адамға көбейген. Пайызға шаққанда өсім – 5,3 пайыз. Соның ішінде, әлеуметтік әлжуаз топтағы азаматтар кезегі 787 адамға ұлғайған. Биыл түрлі қаржыландыру көзінен 750 отбасыға пәтер бұйырады деген қоспар бар.

Бұл туралы баспасөз брифингінде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов мәлімдеді.

QYZZALDAK ASQARQYZY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен, кезекте тұрғандардың әлеуметтік мәртебесі мынадай. Үйден үміт күткен көпбалалы отбасылар саны – 2666, әлеуметтік түрлі осал тобындағы азаматтар – 12 712, бюджеттік ұйым қызметкерлері – 11 688, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатары – 6 243 екен. Бұдан бөлек, жалғыз үйі апатты деп танылған 152 азамат кезегін күтіп отыр.

– 2022 жылы барлық қаржыландыру көзінен кезектегі 900-ге

жуық азаматты қамтамасыз ету жоспарланды. Іс жүзінде 983 азамат үй алды. Оның ішінде, 281 үй – «Отбасы банк» АҚ желісі бойынша кредиттік үй. «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС демеушілік жасаған үй саны – 60. «Қазақмыс» корпорациясының жалға берілетін тұрғын үйі – 47.

Ал, 2023 жылдың басынан бері облыста үй кезегіндегі 91 азаматқа үй берілді, – деді басқарма басшысы Ербол Төлеуов.

Сонымен бірге, аймақта бұқараны баспанамалармен қамтуда өзіндік өңірлік бағдарламалардың әрекет ететінін еске салайық. Мәселен,



былтыр облыстық бюджеттен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ шахтерлері мен металлургеріне жеңілдікпен тұрғын үйге несие беру бағдарламасын іске асыруға 1 млрд теңге және «Отбасы банк» АҚ 700 млн теңге бөлді. Сол арқылы компанияда еңбек ететін 134 адам баспана алып үлгерді. Оның 64-і металлург және 70-і кенші отбасы. Биыл да бұл жалғасын тапты. Осы жылы облыстық бюджеттен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ және «Шұбаркөл Көмір» АҚ қызметкерлеріне жеңілдетілген несие беру мақсатында жалпы 1 млрд 400 млн теңге бөлінді. Бұл бағдарламаға «Отбасы банк» АҚ-ы тарапынан 800 млн теңге қарастырылыпты.

Бағдарлама 5 жылға есептелген. Облыстың бес қаласында іске асады. Ол – Қарағанды, Саран, Теміртау, Шахтинск және Абай қаласы. Несиенің ең көп сомасы – 20 млн теңге, жылдық мөлшерлемесі – 5 пайыз. Бастапқы жарнаның ең аз сомасы – 10 пайыз. Төлем мерзімі – 19 жылға дейін.

– Мемлекет басшысының жалдау ақысын субсидиялау туралы тапсырмасына орай облыста екінші жыл жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған үйге азаматтардың жеке-жеке санаттарына төлем бағдарламасы іске асырылып жатыр. Өткен жылы төлем алған ондай азаматтардың саны – 37.

Бағдарлама халықтың әлеуметтік осал тобының (1 және 2 топтағы мүгедектер, мүгедек баласы бар отбасылар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасылар) жеке тұрғын үй қорынан алған үйді жалдау ақысының 50 пайызын жабуы көздейді, – дейді Ербол Төлеуов.

Биыл болса, бағдарламаны іске асыруға облыстық бюджеттен 335 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Бүгінгі күні кезекте тұрған 47 азаматқа жалпы сомасы 452 мың теңгеге төлем жүргізілген екен.

• ТАҒАЙЫНДАУ

Бұқар жырауда – жаңа әкім

ҚР Президенті Әкімшілігі мен аудандық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша Бұқар жырау ауданының әкімі лауазымына Абылай Қайратқалиұлы Сұлтанғали тағайындалды. Бұған дейін ол ауданның коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімін басқарды.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына қатысып, ауданның жаңа басшысының кандидатурасын ұсынды. Депутаттар А.Сұлтанғалидың кандидатурасын бірауыздан мақұлдады.

Өңір басшысы ауданның жаңа әкімінің алдына бірқатар міндет жүктелді:

– Бірінші кезекте егіс жұмыстарын сәтті жүргізіп, АӨК саласын жақсарту қажет. Бұл ретте мүдделі инвесторлар бар. Сондай-ақ, қала мен аудан арасындағы көлік қатынасын қамтамасыз ету қажет. Доскей кентінде су құбырының құрылысын аяқтау керек, – деді Е.Бөлекпаев.

Абылай Сұлтанғали мемлекеттік қызметті 2022 жылдан баста-



ды. Осы тағайындауға дейін ол Бұқар жырау ауданының коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы болып қызмет етті.

Өз тілшімізден

Кент келешегі кемел істермен келісті

Қазақстан тарихында алғаш рет өткен ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясының басты бастамасы болды. Жалпы, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сайлау – біздің саяси жүйеміздің кемелденуінің белгісі ғана емес, сонымен бірге қоғамымыздың демократиялық дамуындағы елеулі қадам екенін атап өткен еді. Ауыл әкімін халықтың өзі таңдауы тұрғындарға қажетті өмірлік маңызы бар мәселелерді шешу тиімділігін арттырып отыр. Бүгінде Шет ауданының С.Сейфуллин кентінде халықтың өз қалауымен сайланған әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі артып, олардың қызметінің тиімділігі де нығая түскен. Кент әкімі Абылай Балғабек сайлау қорытындысында жергілікті халықтан 1102 дауыс жинап сайланған.

QYZZALDAK KAPIM,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл ауыл тұрғындарының айтуынша, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызының атындағы ауыл деген атаққа қай жағынан алса да лайықты болуы үшін қолдан келгенін барлығын жасап, тырысып бағуда. Бұл іске бас болып отырған Абылай Балғабектің қолынан келеді де-

ген сенім зор екенін айтады ауыл тұрғындары.

– Жергілікті және өзін-өзі басқаруды реформалау бірқатар стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған шаралар халықпен тығыз жұмыс жасауға жол ашып отыр. Сайлау алдындағы науқанның алғашқы сатыларының қорытындысына тоқталар болсақ, Абылай Балғабекпен бірге үміткер болып




Тыныбаев түсті. Сайлау барысында үміткерлердің талаптарға сай кестігін тексеру рәсімі өтті. Оның қарсыластарының осалы жоқ. Өзі ісінің маманы ретінде халық бағалайды. Шет ауданының С.Сей-

фуллин кентінде орналасқан №753 сайлау учаскесіне келіп дауыс бергендер өте көп болды. Білесіздер, бірнеше әкімдікке үміткер сайлау аламынан шығып қалды. Осы орайда тұрғындардың Абылай Балғабекке деген сенімі ерекше бол-

салатындығына көміл сенеміз, – дейді С.Сейфуллин кентінің тұрғыны, 75 жастағы ақсақал Балтабай Аққошқаров.

Әкімге дауыс беріп қолдау танытқан кент тұрғыны, ақсақалдар алқасының төрағасы Тілектес Үм-



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

бөлудің жеке-жеке мәселелері бойынша басқару ғана емес, қаржылық дербестікке де ие болады деп ойлаймын. Олар ауылды дамытуға күш салады. Мен Абылай Құнжолұлын осы ауылдың тумасы ретінде жақсы танимын. Оған халықтың 80%-дан астамы дауыс беріп, қолдап отыр. Бұдан бұрын аудан әкімінің ұсынысымен аудандық мәслихат депутаттары бір ауыздан қолдап, кент әкімі болып сайланған болатын. Екінші мәрте 5-ші және 6-шы шақырылымдарда аудандық мәслихат депутаты болып халыққа қызмет атқарған. Халықтың өзіне білдірген сенімін ақтап, кентіміздің өсіп-өркендеуіне аянбай еңбек ететініне сенімдіміз, – дейді Тілектес Үмбетов.

Шет ауданы

• МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Маңызды мәселелер шешімін табады

Жақында облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Қобжанов өңірлерге жұмыс сапары аясында Нұра ауданына барды. Аудандағы бірқатар нысандарды аралап, жұмыстарымен танысты. Кездесу өткізіп, маңызды мәселелерді талқылады. Аудан тұрғындарын жеке сұрақтарымен қабылдады.

Төрағаның жұмыс сапары жергілікті қоғамдастық өкілдерімен кездесуден басталды. Нұркен Қобжановтың төрағалығымен өткен кеңес жұмысына облыстық басқарма басшылары мен Нұра ауданы әкімдігінің салалық құрылым өкілдері қатысты.

Жиында білім беру, спорт нысандарын салу, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасын іске асыру, ауыл шаруашылығын дамыту, көлік және коммуналдық инфрақұрылым секілді мәселелер қарастырылды.

«Аудан мәселелерін шешуде халықтың белсенділігі маңызды», деп атап өтті кездесуде Нұркен Қобжанов. Кездесуден кейін АМАНАТ партиясының аудандық филиалында Нұркен Қобжанов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Орталық аудандық аурухананың акушер-гинекологы Меруерт Дүйсенбаеваның қызметтік тұрғын үй беруге қатысты өтініші қаралды. Сонымен қатар, кент тұрғыны Юлия Пурик балалар алаңын орнатуға және Ақпасов көшесіндегі футбол алаңын қалпына келтіруге көмек көрсету мәселесін айтты. Өтініштер қарастырылатынын жеткізді мәслихат төрағасы.

Мәслихат төрағасы 2012 жылдың ақпан айынан бастап жұмыс істей бастаған тарихи-өлкетану мұражайының жұмысымен танысты. Оған жылына екі мыңға дейін адам келеді. Мұражайдың негізгі мақсаты – тарихи сананың қалыптасуына ықпал ету. Экспозицияларда Тәуелсіз Қазақстанның, Қарағанды

облысының, Нұра ауданы мен Нұра кентінің қалыптасуы жөніндегі материалдар ұсынылған. Сондай-ақ, мұнда Қазақ хандығының құрылу тарихымен, республика, облыс, аудан экономикасының дамуына зор үлес қосқан көрнекті адамдардың өмірбаянымен танысуға болады.

Сапар Егінді ауылында жалғасты. Облыстық мәслихаттың төрағасы ауылдың клубына барып, ұжыммен кездесіп, кітапхана жұмысымен танысты. Мекеме қызметкерлерінің айтуынша, ғимараттың апаттық жағдайына қарамастан, мұнда түрлі жобалар жүзеге асырылуда. Клубта 4 секция жұмыс істейді (40-тан астам қатысушы). Клубтың орнына жаңа ғимарат салу мәселесін шешу бірінші кезекте тұр.



Сондай-ақ, Нұркен Қобжанов жергілікті мектепке де барды. Облыстық маңызы бар жол болып табылатын ұзындығы 12 шақырым «Шахтерское – Егінді – Нұра» автомобиль жолының апаттық учаскелерін көрді.

Екі құбырларды ауыстыру және қосымша су өткізгіш құбырларды орнату керектігі айтылды. Жолдың бұл аумағына ағымдағы жөндеу жүргізу қажет екендігі тапсырылды.

Төрағаның Нұра ауданына жұ-

мыс сапарының қорытындысында барлық мәселелерді жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп шешілетін, пысықтап, тиісті шешім қабылданды.

Алдағы уақытта да облыстық мәслихат депутаттарының жергілікті қоғамдастық өкілдерімен, еңбек ұжымдарымен осындай кездесулері, ауылдарды аралап, жеке қабылдау өткізу жалғасатын болады.

Облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі

• БРИФИНГ

Егістікке ерте қамдандық

Биыл көктем ерте келгендіктен фермерлер жерді егіске ерте қамдады. Қазіргі таңда егін науқаны басталып, жалпы 192 мың га жерге дән себілді. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов мәлімдеді.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыста егін науқанының қорытындысы шығарылды. Биыл жаздық егін алқабы, картоп, көкөніс отырғызу көлемі артпақ. Фермерлер жоғары сапалы тұқымдар мен минералды тыңайтқыштарды көбірек қолдануға көшеді.

– Жоспардың толық атқарылуына сәл-ақ қалды. Атап айтар болсақ игерілген 192 мың гектардың 9 мыңына дәнді дақылдар, 338 мың га көкөністер, ал, 5300 гектар жерге картоп отырғызылды. Қамбадағы тұқым қоры жоспарды толық атқаруға жеткілікті. Оның ішінде 106,5 тонна дәнді дақылдар қоры, 42 мың тонна картоп қоры бар. Олардың барлығының тұқымдыққа жарамдылығы тексерілді. Бүгінгі күні қордағы тұқымның 96 пайызы егіске толық жарамды болып шықты. Алда облысымыздың барлық өңірлерін егістікке қызу жұмыс күтілуде. Осыған орай техника мен жанар-жағармай мәселесі де біржақты болады, – деп сендірді Сырым Бейсебайұлы.

Былтыр Қарағанды облысында картоп пен көкөніс алқабының көлемі артатынын айтылған еді. Биылғы жерге сіңірілген дақылдар көлемі мұны растауда. Биыл көктемде дәнді дақыл егілетін алқап 1 105,5 мың гектарды құрайды, бұл өткен жылғы деңгейден 43,7 мың гектарға артық. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 957,2 мың га, майлы дақылдар – 59 мың га, жеміш дақылдары – 76,2 мың га жерге егіледі. Ауыл шаруашылығы құрылымдарында картоп отырғызу 12 мың га алқапқа жоспарланған – өткен жылмен салыстырғанда 526 га, көкөністер – 1,7 мың га артық.

Сырым Бошпановтың айтуынша жоспардың орындалуы жамаан емес. Тұқым мен егіске қатысты мәселе жоқ. Бірінші репродукциялы және элиталы тұқымдарды пайдалану артады. Сонымен қатар, минералды тыңайтқыштарды қолдануға басымдық беріледі. Бұл өз кезегінде жерді ұтымды пайдалану және өнімділікті арттыру үшін қажет. Өңірде суармалы жердің көлемі

де алдағы уақытта ұлғайтылады. Сондай-ақ, биыл егін науқанына 10 мыңға жуық трактор, 248 егін кешені және 4774 сепкіш қолданылуда. Арзандатылған дизель отынның бөлу де қарастырылған. Егін егу үшін фермерлер «Кең дала» жеңілдікті несиеге бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдауды пайдаланып бастап кетті. Бұдан басқа, бюджеттен субсидиялар беруге, оның ішінде тұқым шаруашылығын дамытуға, пестицидтер мен минералды тыңайтқыштар сатып алуға қаражат бөлінген болатын. Облыс бойынша егін науқаны мамырдың басынан бастау алды.

Сондай-ақ, ауыл-аудандарда да жұмыс көші ілгерілеуде. Бүгінгі таңда облыста 290 ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, 6 238 фермерлік және шаруа қожалығы, 1 155 халықтың жеке қосалқы шаруашылығы тіркелген. Олардың басым бөлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпкерлер. Агробизнес-ті тиімді жүргізу мақсатында 6 мыңнан астам ауыл шаруашылық құрылымдарына 2 млрд. 180 млн. теңге көлемінде нақты мемлекеттік көмек көрсетілген еді. Оның ішінде 299,6 млн. теңге – облыс бюджетінен. «Осыған сай атқарыла бастады», – дейді басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бейсебайұлы.

Жалпы, «Кең-дала» бағдарламасы бойынша көктемгі науқанды қаржыландыруға 140 млрд. теңге қарастырылған, ол шамамен 2 млн. га алқаптағы егінді жинауды қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі уақытта фермерлерге 133,8 млрд. теңге төленді.

Сондай-ақ, азық-түлік корпорациясы форвардтық сатып алу бағдарламасын жалғастырып, ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге тауарлық кредиттер беруді бастады. Оған кемінде 70 млрд. теңге көзделіп отыр. Ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша аймақта биыл дәнді дақылдармен көкөністерден тапшылық болмайды. Енді тек жоспардың толық жүзеге асуы ғана қалды.

• КЕҢЕС

«Баланы – жастан...»

Балалар асыға күтетін жазғы демалысқа санаулы күн қалды. Күнделікті сабақ оқудан босап, өз еркі өздеріне тиеді. Бұл оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, қадағалау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету осы мезгілдегі басты мәселе деген сөз. Сондықтан да облыстық білім басқармасы бас болып, полиция, төтенше жағдайлар, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменттері, денсаулық сақтау басқармасы өкілдерімен бірлесіп ведомствоаралық кеңес өткізді. Ондағы мақсат – оқу жылы аяқталмай тұрып, білім беру ұйымдары басшыларына балалардың қауіпсіздігі мәселесін жан-жақты түсіндіру, жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша хабарлар ету. Облыстағы барлық білім беру мекемелерінің басшылары да Абай атындағы №104 мектеп-лицейіне осы мақсатта жиналды.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрманғали Исмағұлов кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сөз қозғады. Оның ішінде, арнайы қызметтерге көрінеу жалған қоңырау шалумен байланысты құқық бұзушылықтардың, нашакорлықтың, жол-көлік оқиғаларының алдын алу, кәмілетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерсіз үйден тыс жерде және ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бермеу айтылды.

– Сәуір айында Қарағанды мен Төміртап қалаларының көптеген мектептерінде жарылғыш заттар қойылғаны туралы хабарламалар түскенін білесіздер. Бұл іс-шараларға полиция күштері мен құралдары тартылды. Бұл ауыр қылмыс және оған Қылмыстық кодексте ауыр жаза қарастырылған. Сонымен қатар, өкінішке қарай, бізде кәмілетке толмағандар арасында есірткіге байланысты қылмыстар жиі тіркелетінін мойындауымыз керек. Оқушы-



лармен және студенттермен жұмыс істеу қажетті ақпаратты тікелей жеткізіп, қауіпті салдардың алдын алуға мүмкіндік береді, – деді Қ.Исмағұлов.

Сонымен қатар, департаменттің бейіндік бөлім басшыларының орынбасарлары өз баяндамаларында басқа да тақыраптарды жан-жақты қаузады. Мәселен, кәмілетке толмағандар жасайтын қылмыс арасында бөтеннің мүлкін ұрлау фактілері басым. Оны

жарақат алды. Осының барлығы бейнероликтермен көрсетіліп, білім беру ұйымдары өкілдеріне түсіндірілді. Құрманғали Исмағұлов барлық ақпараттық материалдар білім басқармасына берілетінін жеткізді және оларды оқушыларға көрсету, әлеуметтік желілерге жариялау қажеттігін баса айтты.

Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлжан Жиенбаева кәмілетке тол-

мағандар арасында ерте жүктілік жайлы мәселе көтерді. Оның айтуынша, биылғы жылдың төрт айында 75 жағдай тіркелген. Және бұл кеш анықталады екен.

– Көбінесе бұл фактілер кеш анықталып жатады. Әдетте бола түседі. Жол қозғалысының ең осал қатысушылары – балалар. Оқушылар мен студенттердің жолда өз-өзін ұстау ережелерін елемейтін болатын оқиғалардың соңы қайғылы аяқталуы бек мүмкін. Мәселен, жыл басынан бері облыс аумағында балалардың қатысуымен 9 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Оның салдарынан 12 жасөспірім әртүрлі деңгейде

жүкті болып қалған қыздардың жасы 16 мен 18-дің арасы.

Маман биыл тіркелген жағдай былтырғымен салыстырғанда жоғары екенін де айтып өтті. Былтыр бұл уақытта 69 жағдай тіркелген болатын. Жалпы, былтыр кәмілетке толмаған 186 қыздың жүктілігі тіркелді. Сонымен бірге, зорлық нәтижесінде жүкті болып қалатын жағдайлар да кездеседі екен.

Кәмілетке толмағандар үшін түсік жасату ата-анасының келісімімен ғана жасалады.

«Біз бала құқықтарын қорғау жөніндегі ауқымды мәселелерді шешуге тиіспіз. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалар арасындағы сундид пен булдингтің алдын алу үшін мемлекеттік бақылауды күшейтіп, тиімді тетіктерді қарастырып жөн».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

– Жүктілікті тоқтату әлеуметтік себептермен жүзеге асырылады. Десе де, жасөспірім қыздар баланы алдыртпауға тырысады. Жалпы, аймақта түсік жасату саны азайып келеді, – деді Гүлжан Жиенбаева.

Кеңестің түскен кейінгі бөлігінде жаз кезіндегі балалардың қауіпсіздігі, маусымдық жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері қаралды.

Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник Мұрат Қатпанов жазғы кезде балалар үшін суға кету және терезеден құлау қаупі жоғары екенін айтты.

– Бұл жиын барлық мектеп басшылары алдында бала қауіпсіздігі туралы ақпарат берудің жақсы мүмкіндігі. Жазда өрт, суға кету қаупі арта түсетіні белгілі. Бала қызығушылығынан не білместіктен қауіпсіздік ережелерін сақтамай алады. Сондықтан, балаларға айтып түсіндіру, ата-аналарға ескерту – маңызды жұмыстардың бірі. Түрлі жағдайлар болады. Жақында вагонның үстіне мінген балалардың тоқ соқты, тағы бір бала шұңқырға құлап, қаза тапты. Терезеден құлау фактілері көбейде. Жыл басынан бері 9 бала құлады, біреуі қайтыс болды, – дейді М.Қатпанов.

Жазғы демалыс жігіт ішек инфекцияларының да белең алатын кезі. Ауру судан, тағамнан жұғалды. Тазалық сақтамау, қол жумай аурудың пайда болуына алып келуі мүмкін. Және ауруды қоздыратын микробтар мен вирустардың көбісі қоршаған ортаның

әсеріне берік екенін ескерген жөн.


– Облыс аумағында жыл сайын жігіт ішек инфекциясын жұқтырған 850 адам тіркеледі. Оның 70-80%-ы 14 жасқа дейінгі балалар. Балалар арасында аталған аурудың таралуына жеке гигиенаны сақтамау себеп. Яғни, бала да, оған қараушы адам да тазалық сақтау, тамақтандыру тәртібін дұрыс сақтамайды, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің жұқпалы паразиттік аурулардың эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Жакия Джамбибекова.

– Балалардың қауіпсіздігі мәселесін барлық мүдделі органдармен талқылады, – деді басқосуды қорытындылаған білім басқармасы басшысы Гүлсім Қожахметова. – Болуы мүмкін барлық қауіп тәуекелдер айтылды, ерте жүктілік, жол қауіпсіздігі, синтетикалық есірткі. Енді осындай шаралар барлық мектепте өтуі керек. Басты міндет – ата-аналар мен балаларға қауіптер туралы жеткізу. Бұл туралы айтылмайды емес, айтылады. Сонда да балалар машина астына түсіп, құлап, суға кетіп жатады. Иә, баланың аты – бала. Бірақ, ересектер, ата-ана түсіндіріп айтса, олар түсінеді деп ойлаймын. Мектеп директоры, сынып жетекшілері балаларды уақытша жұмысқа орналастырады ма, лагерьге жібереді ме, бос уақытын дұрыс пайдалану мәселесінің қолға алуы тиіс. Соңғы қоңыраудан шыққан бала 1 қыркүйекте аман-сау сабаққа келуі керек. Бұл – негізгі міндет.



• ТӘТТІМБЕТ ОРКЕСТРИНЕ – 35 ЖЫЛ

Арқа жұртын әуенмен әлдилеген



1938 жылдың 6 наурызында Қарағанды облыстық атқару комитеті Президиумының қаулысымен Қарағандыда облыстық филармония құрылған еді. Бұл ұжымның алғашқы қарлығаштары, кейін мерейлі атақтарға ие болған – Қазақ КСР-ның халық әртістері Жүсіпбек Елебеков, Қали Байжанов, Зәбира Жұбатова, Қосымжан Бабаков, Мағауия Хамзин, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген әртістері Қуан Лекеров, Мағауия Қошқимбаев, Алтын Әліева, Қайыпхан Әлімбаева, Нағима Өсербаева, Жабай Тоғандықов қызмет етті. Және дарынды өнерпаздар Қазбай Ешимов, Мұхит Битенов, Қабира Жетімтаева, Ләйла Хаджимұратова, Жаңыл Қартабаева, Ақатая Көпбаев, Ібірахім Өкпенев, Нұрсұлтан Тәженова, Мұхан Есупов, Шора Әлішев, Рахметжан Ыбыраев, Николай Торнер, Құрман Рахымбаев, Меделхан Исмағамбетов, Мира Абдуллина, Зулзира Укежанова, Рая Гуснулина, Александр Завьялов, Василий Дворников, Александр Фендзеляу, Н.Ким До Нюр де филармония құрамында еңбек етіп, қазіргі

деген мәртебелі атағы бар. Тәттімбет атындағы халық аспаптар оркестрі әр жылдары гастрольдік сапармен АҚШ-та, Франция мен Швейцарияда, Швеция, Чехияда, Иран, Ирак, Түркия, Ресей мен Оңтүстік Корея, Өзбекстан, Түрікменстан елдерінде болды. Биыл Тәттімбет оркестрі 35 жылдық мерейтойын атап өтеді. Репертуары бай, еліміздің әр өңірінің шығармалары, шетел классикалары тоғысқан. 35 жыл еңбек жолында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Қытай, Италия, Ресей сынды елдердің өнер қайраткерлерімен, атакты музыканттарымен тығыз ығармашылық байланыста келеді. Осы жылдар ішінде еліміздің ең үлкен, ең салмақты, ең кәсіби шеберлігі жоғары деңгейдегі оркестр бола білді. Бүгінгі күні Қазақстанның алдығы қатарлы өнер ұжымының бірі әрі бірегейі. Дирижер Шамғон Қажығалиев: «Тәттімбет атындағы ұлт аспаптар оркестрін басқа ұжымдардан ең алдымен музыканттардың ойнау шеберлігіндегі ерекше



Қазіргі уақытта оркестрдің көркемдік жетекшісі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әбдұғалисын Шоқанбаев, бас дирижер – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Ерлан Бактыгерей, дирижері – халықаралық конкурстардың лауреаты Әбілқайыр Сағымбаев та репертуар саясатын берік ұстанып, жан-жақты дамытуда.

Қ.Байжанов ұжымның қалыптасуына, өркендеп, өсуіне елеулі үлес қосты. 1990 жылы 16 сәуірде филармонияға ҚазССР-ның халық әртісі Қали Байжановтың аты берілді, ал 1993 жылы филармония атауы концерттік бірлестік деп өзгертілді. Концерттік бірлестік құрамында бүгінгі таңда Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі, Е.Рахмадиев атындағы академиялық симфония оркестрі, джаз оркестрі, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі, «Аққу» фольклорлық-хореографиялық ансамблі, «Әуен», «Мерей», «Арай» ансамбльдері бар. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, Мәдениет қайраткерлері, Мәдениет саласының үздіктері, халықаралық және республикалық конкурстар лауреаттары қызмет ететін өнер ордасы. Биыл бірлестікке 85 жыл толды. Ғасырға жуық уақыт Арқа өңірінің мәдениет саласын биікке көтерді, республикаға, алыс-жақын шетелге ұлттық өнерімізді таныта білді. Қ.Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі дегенде, әрине, ең алдымен Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі аталады. Оркестр 1988 жылы құрылды, оның алғашқы құрамы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының түлектері. Оркестрді басқарған алғашқы дирижері – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дүйсен Укібай болатын. 1990 жылы оркестрге ұлы күйші, халық композиторы Тәттімбеттің аты берілді. 1992 жылы оркестрге жетекшілік етуге КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Шамғон Қажығалиев шақырылды. Қазір өнер ұжымының Тәттімбеттің атымен қатар Академиялық оркестр

үйлесімділік, дыбыстардың тазалығы, ансамбльдік жоғары бірлік сезімі ерекшелендіріп тұрады. Тағы да бір айрықша қасиеті оркестрлік барлық топтар бірлесіп топтасырылған. Оркестрдегі барлық аспаптар дыбысы бірлесіп шығады. Аспаптар үні үйлесіп, ерекше жарасымдық тапқан», – деп баға берген. Қазіргі уақытта оркестрдің көркемдік жетекшісі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әбдұғалисын Шоқанбаев, бас дирижер – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Ерлан Бактыгерей, дирижері – халықаралық конкурстардың лауреаты Әбілқайыр Сағымбаев та репертуар саясатын берік ұстанып, жан-жақты дамытуда. Түрлі бағыттағы музыка жанры мен стилі сақталып, халық музыкасы мен қазіргі заманауи туындылар үйлесім тапқан. Қазақстанның кәсіби музыканттары, атакты орындаушылары әркез Тәттімбет оркестрімен бірлесіп концерт беруге, жеке кештерін өткізуге тырысады, шығармашылық ұсыныстарын білдіріп, ұжыммен үнемі шығармашылық қарым-қатынаста болуға ниетті. Жыл басынан бері көптеген жеке кештер, жоспарлы концерттер өткізген Тәттімбет оркестрі 25 мамыр күні өзінің XXXV концерттік маусымын жабады. «Шалқыма» залында өтетін бұл жолғы концерттің конағы – ҚР «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда. Оркестр дирижерлері қызу дайындық үстінде, көрерменге репертуардағы ең үздік шығармаларды тарту етеді. **Марал НҮРТӨЛЕУОВА, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің баспасөз қызметінің редакторы**

• ТЕАТР

Сәкен театры Түркияға барады

Қарағанды мәдени ошақтарының ішінде «Арқаның Ақсарайы» атанған Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының орны бөлек. Биылғы 91 маусым аясында түрлі тың қойылымдарымен көрермендерін қуанып жатқан қарашыңарықта Арқа төріндегі айтулы шаралар, небір думанды жиындар дүрілдеп өтіп жатады. Қазақ поэзиясының алыбы Сырбай Мәуленов атакты Сәкен Сейфуллинді: «Өлімге жан екенсің қия алмайтын, өлеңнің құшағына сыя алмайтын. «Қазақты көргін келсе, міне, осы деп» деп, көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын» деп жырға қосқан екен. Ал, Сәкен театрын да кенді өлкеге табан тіреген кез келген қонаққа ұялмай көрсетуге тұрарлық өнер ордасы дер едік.



Осы тұста театрдың көркемдік жетекшісі Айдын Абзалбекұлының ерен еңбегін атап өткен жөн. Айдын Абзалбекұлы шетелге барып, спектакль қойған білікті маман. Башқұртстанда спектакль қойып, «Үздік режиссер» атанған. Былтыр Қ.Қуанышбаев театрында қойған моноспектаклі оған «Үздік режиссер» атағын алып берді. Шолпан Жандарбекованың 100 жылдығына орай өткен фестивалде тағы да «Үздік режиссер» деп танылды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

1931 жылы партия Қарағандының көмір қорын игеру туралы шешім шығарып, Қаулы қабылданып, Одақтың әр түпкірінен Қарағандыға түрлі ұлт өкілдері ағылды. Одақтағы үшінші «кочегарка» атанған көмірлі өлкеге көптеп келген жұмысшы күші негізінен жастар болды. Ал, мәдени ойын-сауық отауы, рухани демалатын орын жоқтың қасы еді. Соңдықтан, жастардың жергілікті жерде тұрақтап қалуы үшін комсомол комитеті Өлкелік комсомол комитетінің үлгісімен Қарағандыда Жұмысшы жастар театрын ашу қолға алынды. Атап айтсақ, 1931 жылдың аяғында «драмкружоктар» құрылып, 1932 жылы қазіргі Сәкен театрының іргетасы – Жұмысшы жастар театры болып қаланды. «Драмкружоктан» бастаған тұңғыш артистер қатарында Зейнел Қошқимбаев (кейіннен ҚазССР-ның еңбек сіңірген артисі), Нұрмағамбет, Торша Жабаявтар, Жәмила Шашкина (Қазақстанның халық артисі), Бүкшебай Шалов, Үнзила Әбеуова, Мағруза Баязитова және тағы басқа таланттар болған. 1934 жылы театр труппасына келіп қосылғандар қатарында: режиссер Р.Ильматов, кейіннен ҚазақССР-ның халық артисі атанған Рахия Қойшыбаева, Мүлік Сүртібаев, Әйкен Мұсабекова және ҚазақССР-нің еңбек сіңірген артистері атанған Әнуар Шәймерденов пен Мұқан Бектеновтер болды.

– 90 жылдық тарихы бар Сәкен театры маған дейін де жарқыраған, менен кейін де жарқырап тұра береді. КСРО кезінде мемлекеттік сыйлықты алған жалғыз облыстық театр. Мәртебесі – өте биік. Ұжымдық жүйе әбден қалыптасқан. Көне тарихтан сыр шертетін алғашқы қазақ театрларының бірі. Біз не істесек, өз міндемезді орындадық. Асқар таудай ағалардың игі бастамаларын, сара



жолын жалғастырамыз. Облыс әкімдігі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы көп қолдау көрсетіп отыр. Өнер жанашырлары баршылық. Мәртебеміз сондықтан да биік тұр. Біздікі – 90 жылдан бері жасалған еңбектің заңды жалғасы. Сол биік мәртебені жоғары деңгейде ұстап тұра алсақ – мақсатымызды орындағаны, – деген еді бір сұхбатында Құрман Өмірбекұлы. Іргелі театрдың шығармашылық жолдағы жетістіктері мол. Өріге бармай-ақ, былтыр Мәскеудегі Е.Вахтангов театрынан режиссер Гүлназ Балпенисованы командасымен шақырып, «Қаракөз» шығармасын қойғаны ерекше оқиға болды. Қойылым анықталған өтті. Жалпы, қазір театрдың әр қойылымы анықталған өтетіні айта кету керек. Көрерменнің театрга өз еркімен келуі – үлкен жетістік. Қазір ұжым сол бағытта жұмыс істеп жатыр. Айдын Салбан сахналаған «Ұлтқа қызмет» спектаклі халықтың сол кездегі көңіл-күйін деп басса, Шерхан Мұртазаның күрделі «Текебұрқак» туындысы, Оралхан Бөкейдің «Атаукересі», Шыңғыс Айтматовтың «Арманым – Өселім», Кеңес Жұмабековтің «Рахымжанның Қасымы» және басқа да бірқатар қойылым көрермендердің көңілінен шықты.

Былтыр театрдың бес бірдей қызметкері «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Мамыр айының 22-сі мен 1 маусым аралығында театр ұжымы Түркияның Трабзон және Конья қалаларында Шерхан Мұртазаның «Текебұрқак» туындысымен екі бірдей театр фестивалінде бақ сынады. Бұдан бөлек, былтыр 1 маусым халықаралық балалар мерекесінде Айдын Салбаннның «Ойыншықтар ояғанда», кейін «Мұзды өлке» атты балаларға арналған қойылымы сәтті сахналанды. Енді, биыл 1 маусымда балалар мерекесіне орай, Алматыдан қуыршақ театры бағытында арнайы білімі бар мамандарды шақырып, театр жанынан қуыршақ театрын ашуды жоспарлап отыр. Тағы бір жақсы жаңалық – театр оркестрінің құрылуы. Бұл – алдағы уақытта музыкалық академиялық қазақ драма театры болуға деген нақты қадам. Бұл бағытта да нақты жұмыстар атқарылууда. Оркестр жасқалған. Құрамында 21 музыкант маман бар. Дирижері – Әбілқайыр Сағымбаев. Қыркүйек айында оркестрдің сүйемелдеуімен классикалық «Қыз Жібек» туындысын сахналауды жоспарлап отыр. Ал, әндерді театр әртістері орындайды.

• МУЗЕЙ ТҮНІ

Жәдігер сырын ұғындырған кеш

Халықаралық музей күні аясында Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «Музей түні» – «Музейлік вернисаж» атты мұражай мерекесі өтті. «Музей түні» акциясы мұражай басшысы Ержан Нұрланұлының құттықтау сөзімен ашылды. Ол келген қонақтарға алғысын білдіріп, уақытты көңілді өткізуге шақырды.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тарих таңбасын бедерімен бес ғасырға жеткізер жалғыз мекен ол музей екені хақ. Сан жылдардан қалған көне жәдігерлерге тіл бітіріп, қиял қиясына шығарар осы бір таңғажайып орын туралы «Hollywood» таллай фантастикалық фильмдер де таспалады. Жалпы музей еңбектеген балаға да еңкейген қартқа да қызық мекен гой әуелден. Музей түні барысында Орталық Қазақстанда болған басты тарихи оқиға «Қоянды жәрмеңкесінің» 175 жылдығына арналған театрландырылған инсталляция көрсетілді. Сондай-ақ, Қарағанды «Handmade» шеберлерінің жәрмеңкесі, сәндік-қолданбалы өнер бойынша шеберлік сыныптар, «Неге?» ғылыми ойын-сауық балалар бағдарламасымен көрме өткізілді. Келген қонақтарға сурет өнерінің бірнеше туындылары ұсынылған суретші Монарбат Қайраттың «Кей-кей» арт галереясы орналасты. Және де тарихи лото, «Музей заттарының құпиясы» және «Ғарышқа саяхат», өлкетану және зияткерлік викторина «Музей білгірлері» сынды әр түрлі квест ойындар, викториналар, сайыстар өтті. Бұл сайыстарға келген қонақтар қатыса отырып, қағаз ақша күйіндегі банкноттарды жинап, кеш соңында ұйымдастырылған «Сәттілік ұстаушылар» лотереясына қатысып, сыйлықтар ұтып алды. Мұражай түні қонақтары сонымен қатар әр түрлі ертегі кейіпкерлерімен естелікке суретке түсті. Музейлік алаңда академик Бөкетов атындағы Жастар сарайының өнерпаз қыз-жігіттері өнер көрсетті. Музей фойесін-



де «Шай рәсімі» кафесін ұйымдастырды. Сикырлы музей түніне қала тұрғындары мен қонақтары бала-шағасымен, қоғамдық және мектеп музейлерінің өкілдері, ЖОО мен колледж студенттері, ұйым өкілдері қатысты. Іс-шара – заманауи музейлердің ресурстарын, мүмкіндіктері мен әлеуетін көрсету, музей қызметін таныстыруда жаңа, креативті тәсілдерді анықтау, мәдени-интеллектуалдық уақыт өткізу үшін музейге келушілерді көбірек тарту мақсатын көздеген-ді. Музей түні кешкі сағ. 19.00-ден түнгі сағ. 24.00-ге дейін жалғасты. Қалың ел ішке кіргенде түрлі кейіптегі мамандар күтіп алып, қолымызға бағдарлама ұсына берді. Қала құрылғандағы ескі көше атаулары мен жергілікті суретшілердің туындылары да ілініпті. Бірінші және екінші кабаттардағы барлық зал әдемілеп әрленген,

же мүмкіндік алды. Онда «Алтын адам» және оның аты қойылыпты. Қасында хан екі уәзірімен такта отыр. Сонымен қатар, Алаш арыстарының портреті, өмірдегі, тұтыңған бұйымдары мен жасаған заң қаулылары да тұр. Музей қорынан «Жәдігерлер шеруі» мерейтойлық жобасы бойынша тарихи-тұрмыстық коллекция көрмесі арқылы бабалардың өмір сүру салтымен, өнерімен етене таныстық. Бұдан бөлек ауылшаруашылық бұйымдары соқа, тырма, мала, жер өлшеу құралдары да ұсынылды. Сонымен қатар, келі, дйірмен, күмбі, рагатка, торсық, кебез, аң терісі, қамба, ат әбзелдері, түрлі кеме әшекейлер, шопкен қызатын үтік, самауырдың түр-түрі де көздің жауын алады. Көрсен көзің тояды. Өзімізді байырғы баба ізі қалған Сығанақ базарында жүргендей сезіндік.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Амантай ИБРАЕВ: Театр ғаламның суреткерлік келбетіндей...

Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры биыл жарты ғасырлық мерейтойын атап өткелі жатыр. Бұл – Арқа төсіндегі бай дәстүрі бар қасиетті өнер ошағы. Бұл – алдымен оперетта театры. Сондықтан да, оның өзіне тән сахна рухы, көркемдігі, нәзіктігі мен әсемдігі менмұндалайды. Театр өмірінің жай-күйі турасында ұжым басшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Амантай Ибраевпен сұхбат құрғанды құп көрдік, қымбатты оқырман...

– Амантай Темірбайұлы, музыкалық комедия театры – жарты ғасырлық бай тарихы бар эксклюзивті театр деп айтсақ болар. Театрдың бірегей ұжымы мен ішкі ұйымы турасында тоқталып өтсек...

– Театрдың репертуарында 250-ден астам қойылым бар. Олардың ішінде әлемдік классика саналатын И.Кальманның «Баядер», «Сильва» мен «Марица», И.Штраустың «Цыганский барон» және «Летучая мышь», Ф.Легардың «Веселая вдова», Г.Канчелидің «Проделки Ханумы», Г.Гладковтың «Собака на сене» сынды ерек авторлардың туындыларын атап өтуге болады.

Театр репертуары жыл өткен сайын жаңа премьералармен толығып отырады. Балет, опера, мюзиклдерді сахналаумен қатар, жаңа қойылымдарға отандық және шетелдік режиссерлерді, хореографтар мен композиторларды арнайы шақырып, тәжірибе алмаушы отыру театр өнерінің дамуына септігін тигізеді сөзсіз. Бұл жаңа мәдениетіміз бен театр өнеріне деген үлкен жауапкершілікті айғақтайды.

Ұжымда 300-ге жуық адам қызмет етсе, оның 150-ден астамы – актер. Біздің труппада Қазақстанның қос бірдей еңбек сіңірген қызметкері, екі «Мәдениет саласының үздігі», төрт «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегерлері, халықаралық байқаулардың лауреаттары, халықаралық фестивальдер дипломанттары, «Құрмет» орденінің екі кавалері, Қазақстан Президентінің «Құрмет» грамотасының иегерлері және көптеген облыс әкімінің және Мәдениет басқармасының жүлдегері, қаланың, облыстық және республикалық деңгейдегі дипломдар иегерлері бар.

– Тамаша. Осы орайда театр тарихына көз жүгіртсек...

– Қарағанды музыкалық комедия театры 1973 жылы КСРО музыкалық театрларының арасында ең жас ұжым болғанын еске алуға тұрарлық. Өнер ошағы таңғаларлық қысқа мерзімде құрылды. Сол наурыз айында Қарағанды қаласында музыкалық комедия театрын ұйымдастыру туралы ҚазКСР Үкіметінің қаулысы шықты. Міне, сонымен 16 қарашада музыкалық театр тұңғыш рет шымылдығын ашты.

Сахнада ол кезде елге кеңінен танымал И.Дунаевскийдің «Вольный ветер» опереттасының кейіпкерлері өмір сүрді. Көрерменмен алғашқы жүздесу естен кетпес қуаныш пен таңғажайып тамаша сәттер сыйлады. Осындай тамаша романтикалық оперетта театр өмірінің басы болды. Теміртау қаласында Сарыарқаның жас музыкалық театры өз өмірін осылай бастады.

Театрды құруда облыстық мәдениет басқармасының бұрынғы басшысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мақат Рымжанов жан-жақты

қолдау көрсеткенін тебіреніспен еске аламыз.

Жылдар жылғадай жылжып жатты. Ізденіс, өкініш, табыстары қатарласқан театр 1980 жылы Теміртау қаласынан Қарағанды қаласына көшіп келіп, Кеншілер мәдениет сарайына жапсарлас салынған дербес ғимаратқа қоныстанды.

Бұл кезде театр шығармашылық тұрғыда жетіле түсіп, жоғары орындаушылық кәсібилікке ие болды. Осы бір аралықты өнер ордасының «Күміс ғасыры» деп атасақ жарасар.

– Көрермен сіздің келуіңізбен театр репертуарына заманауи, шетелдік классика негізіндегі спектакльдер ойналатынын атап өтуде. Басшы болғаныңызда қызметте нендей тың шешімдер қабылдандыңыз? Жок, әлдебір қиындықтарға тап болған кезіңіз болды ма екен?

– Өзіміздің ішкі күйімізді әуел баста қалыпқа келтіру үшін бәріннен сырт айналып, әлдебір ситуациядан бейтарап болуға талпынамын. Содан кейін, ақыл суытып барып қана, сіз әдеттегі жолға ораласыз, өйткені жұмыс барысында кейде күрмеуі шешілмейтін жағдайлар болады. Егер сіз ондай жайттарға үнемі жауап бере берсеңіз, онда күресінде қалуыңыз ықтимал... Сондықтан, әрпітестерімен жүздескенде алдымен «Қалай демалып жатысындар?» деп әзілдеймін. Мұндай диалогтар ұжымға тосын болғанымен, емен-жарқын көңіл күй сыйлайды. Бүгінде театр ұжымы жаңа кәсіби деңгей-



ге шығып, көптеген ұйымдастырушылық мәселелерді өз бетінше шешуге, репертуарды таңдау еркіндігіне және әлемнің жетекші әртістерін, қоюшылары мен дирижерлерін шақыруға мүмкіндік алды. Айта кету керек, Қарағанды музыкалық комедия театры – Қазақстандағы осындай ерек жанрлық бағыттағы жалғыз театр. Театрдың бұндай бірегейлігінің сыры бір демде әр түрлі бағыттағы жұмысының жалғастығында жатыр. Әр спектакльдің шығуы күрделі құрылым. Өйткені, бір қойылымның он бойында хор, оркестр, балет және әрине, әртіс-вокалистер өнер көрсетеді. Талап өте жоғары. Актерлеріміз вокалдық қабілетке



не болып қана қоймай, сонымен қатар тамаша актерлік шеберлікке ие болуы, жақсы билеуі және тіпті кейде іс жүзінде цирк трикттерін орындай білуі маңызды.

Әлбетте, бүгінгі күннің бәсекелестік тынысын ескере отырып, жұмысымызды ауық-ауық қайта қарап, үнемі жетілдіріп жүреміз. Мәселен, театрдың қазіргі заманғы интернет кеңістігіне қатысуын кеңейтеміз, бұл біздің аудиториямызды кеңейтуге, әлеуетті көрермендерімізді тартуға мүмкіндік береді. Біз өндіріс үдерісінде де жаңа инновациялық әдістерді енгізудеміз.

– Театрдың мерейтойына даярлық қалай?

– Мерейтойға дайындық қарқынды жүріп жатыр. Біз көптеген қызықты жо-

шақ әртістері қатысады. Күзде кезекті халықаралық «Docstara» фестивалі. Еліміздің Астанасына үлкен гастрольдік сапар жоспарлап отырмыз, онда біз Астана Опера сахнасында өнер көрсетеміз. Өрине, біз мерейтой күнінде театрдың барлық достары мен жанкүйерлерін шақыра отырып, үлкен концерттік бағдарлама дайындаймыз. Қазіргі уақытта театр туралы кітап пен фильм шығару жұмыстары жүргізілуде.

– Спектакльдердің орыс тілінен қазақ тіліне немесе керісінше синхронды аудармасы жүргізіле ме?

– Театрда әлі синхронды аударма жоқ. Бірақ болашақта бізде мұндай мүмкіндік пайда болады деп үміттенеміз. Есесіне концерттік репертуарды, Ростов қуыршақтарының балалар студияларының ағымдағы репертуарын және «Буратино» театрының студиясын мемлекеттік тілге аудару бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Қазақ тіліндегі шығармаларды орындауға келетін болсақ, сахнада қазақ және қазақстандық композиторлардың шығармалары үнемі орындалады, тақырыптық кештер өткізіледі.

– Театр ендігіде неге басымдық бермек?

– Театрдың жарқын болашағына келетін болсақ, біздің басты миссиямыз – біздің театр туралы барлық жерде насихат жұмыстарын жүргізу. Уағыздалмасаң, уағыздаласың. Сондықтан, түрлі фестивальдер ұйымдастыруды және оларға белсенді қатысуы, жаңа жобаларды енгізуді жалғастырамыз. Өрине, бізді жаңа премьералар, гастрольдер күтіп тұр. Театр өзі ғаламның суреткерлік бейнесіндей кәсіпкерлік ұя. Өйткені, мәдениет – бұл әр халықтың негізгі құндылығы. Өлмейтін өнер арқылы біз дүйім елді рухани байытып, тарихымызды таразылаймыз. Біздің өмір сонысымен мәнді...

– Тебіреніске толы әңгімеңізге алғыс білдіреміз!

Сұхбаттасқан
Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Өңі кірген өнер ошағы

«Энергетиктер» мәдениет үйі – Топар кентіндегі әсем де сәулетті ғимараттардың бірі. Бұл елді мекен Мичурин ауданының орталығы болып тұрған 1958 жылы силикат кірпіштен салынған екі қабатты өнер мен мәдениет ошағы жылдар сынына төтеп беріп, әлі де өңін берер емес. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде 2019 жылы мұнда жүргізілген ағымдағы жөндеуден кейін ол тіпті әрленіп, ажарланып кеткендей.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Мәдениет үйі күні бойы келушілерден босамайды. Себебі, ғимаратта кітапхана, жаттығу, спорт, үлкен және кіші акт залдары орналасқан. Кент тұрғындары осы жерде жиі өтіп тұратын мәдени-спорттық шараларды тамашалап, түрлі үйірмелер мен секцияларға, клубтардың жұмысына белсене қатысады. Кітап, газет-журнал оқып, рухани азық алады.

– Бізде 17 құрылым бар, – дейді мәдениет үйінің директоры Әдемі Әбдиева. – Мысалы, баскетбол, волейбол, грек-рим күресі, киокушинкай секцияларында үлкен-кіші бірдей спортпен айналысса, қыз-келіншектердің йога, қариялардың «Денсаулық», былтырдан бері мүмкіндігі шектеулі балалардың «Батыл жүрек» топтары мен клубтары жұмыс істейді. Өрине, бұқаралық спортты өрстетуге мен салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін бұл аз емес.

Мәдениет саласы бойынша «Арманай», «Эспода» би және «Браво», «Байтерек» вокал топтары, ардагерлердің «Поющие сердца» хоры аудан, облыс, одан әрі республикаға танымал өнер ұжымдары болса, «Алтын құшақ» қолданбалы-көркемсурет және «Аккорды души» гитара үйірмелері балалар мен ересектер қабілетін дамыту мақсатында құрылған.

Өнер ошағын 23 жылдан бері басқарып келе жатқан Әдемі Әбдиева 15 адамдық ұжымымен 65 жылдық ғұмыры бар Мәдениет үйінің іші-сыртында күлденен көк шөп жатқызып, оны аялап күтіп ұстап келеді.

Абай ауданы

• ӨНЕР ӨЛКЕСİNДЕ

Қарқаралы мәдениетінің мәйегі

Мәдениет пен өнердің, рухани мұраның ордасына айналған Атығай Шанин атындағы Қарқаралы халық театрының тарихы тереңде. Онерпаздарды бір шаңырақтың астына біріктіріп, бір отбасындай жақындастырып отырған шаңырақтың шығармашылық қоржыны толағай табысқа толы.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Театрда ойнау – ұжыммен бір толқында болу. Ең бастысы – сезімдеріңді өзің ғана сезініп қоймай, көрермендерді де тұшындыра білуің шарт. Қарқаралыдағы театр тарихы 1920 жылдардан басталады. Осы жылы Қарқаралы халық үйі жанынан көркемөнерпаздар ұжымы отау көтерген болатын. Алғаш рет халық әртістері М.Әуезовтің пьесаларын дайындады. Сол кезде өнер көрсеткен Құсайын Оңғарбаев, Мәкіш Тарабаев, Рахила Ермекова, Әбеу Баймақанов, бергіңдегі Баймұқаш Қалабаев, Шабал Битебаев, Нұрғали Найманбаев, Қажет Қиянатов, Бағдат Райымбеков, Марияш Исатаева, Қуан Жиенбаевтардың есімі өнер тарихының өңір шежіресіне алтын әріппен жазылды, – дейді театр режиссері Арай Құснетдинова.

«Қанжар мен домбыра», «Шұғаның белгісі», «Той болғанда», «Дөкей келе жатыр», «Ажар мен ажал», «Жапандағы жалғыз үй», «Боздағын күткен бейбақтар», «Қос анар», «Айман-Шолпан», «Жаралы




«Тaqиялы періште» комедиясынан көрініс

«Махаббат қызық мол жылдар», «Мұхитдиннің тағдыры», «Қанаталды» қойылымдары көрермен қауымының көңілінен шықты. Әсіресе, жастардың заманауи көзқарасы қойылымның шынайы шығуына ықпал етеді.

Атығай Шанин атындағы театр нағыз халықтық өнер ордасы. Әртістері халықтың арасынан шыққан таланттар. Қойылымда рөл сомдайтындардың басым бөлігі мәдени қызметкерлер. Өмірдің боямасыз келбетін көрсетіп жүрген театр ұжымының еңбегі жемісті де

жеңісті жалғасып келеді. Мәселен, С.Сейфуллиннің туғанына 125 жыл толуына орай 18 ұжым қатысқан облыстық байқауда бас жүлдені иеленді. Шолпан Жандарбекованың 100 жылдығына арналған халықтық көркемөнерпаздар театр ұжымдарының байқау-конкурсна қатысып, ұлттық сахна өнерінің дамуына және ауыл мәдениетінің өркендеуіне үлес қосқаны үшін «Адаскандар» драмасы бас жүлдені қанжығасына байлады.

Биыл КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауре-



«Адаскандар» қойылымынан көрініс

аты Қалибек Қуанышбаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған «Театр – тәрбие бесігі» атты халық театрлар арасындағы «Театр айлығында» Шөкен Аймановтың «Тақиялы періште» комедиясын сахналағаны үшін театр ұжымына аудан әкімінің Алғыс хаты табысталап, «Үздік әйел бейнесі» номинациясына – Кәмшат Досжанова, «Кейіпкерді бейнелеудегі үздік актер» – Дарина Боранбаева, «Ең үздік сатиралық рөл» – Ботанхан Мателов, «Көз нұры» – Аида Әбілқасымова лайық деп танылды. Әр қойылымның көркемделуіне жауапты театр суретшісі Сәкен Дәулетбаевтың, таспагер Тишбек Хамитовтың еңбегі зор.

Қарқаралы ауданы

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Таңсыққа толы мұражай түні

18 мамыр – Халықаралық музей күніне орай Балқаш тарихи-өлкетану музейінде «Мұражай түні – 2023» акциясы ұйымдастырылды. Мұндай шараны көп жылдан бері өткізіп келе жатқан ұжым бұл жолы балғындар мен ардагерлерге көбірек көңіл бөледі ұйғарыпты. Шара барысында көне жәдігерлер мен ырым-тыйымдар жайлы мектеп оқушылары мен ардагерлер арасында танымдық ойындар өткізіліп, экспозиция залдарына саяхат жасалды.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Билғыл мерекенің басты ерекшелігі – бағдарламада мұражай экспозициясы бойынша экскурсиядан бөлек, Балқаш шеберлерінің шебер-фест-жәрменкесі, сәндік-қолданбалы өнер және қолдан жасалған бұйымдар бойынша шеберлік сабақтары, «Музей заттарының күпиясы» квест-ойындары, «Музей білгірлері» өлкетану викторинасы, жұмбақтар мен жаңылтпаш, ұлттық ойындар Қоян жылымен байланыстырылған. Балқаш тарихи-өлкетану музейі директорының міндетін атқарушы Дәулет Қожақовтың айтуынша, басты мақсат – халыққа рухани азық беру, тамырын тереңге тарта отырып тарихымыздан сыр шерту, жастарды ізденімпаздыққа баулу.

– Біз «Мұражай түні» арқылы адамдарды музей тынысымен таныстырып, танымын арттырып жүрміз. Музей – жәдігерлер мен деректерді сақтап қана қоймай, тұрғындарға таныстыруы қажет. Шара аясында көрермендер барлық жәдігерлерді тегін тамашалайды. Мұражай ашылғалы «Қазақтың халық аспаптары» экспозициясы әртүрлі саз аспаптарының макетімен толықтырылды. «Өлкенің жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі» залында Балқаш өңірінің флорасы мен фаунасы қойылған. Ең қызықты зал – археология залы, онда пештің макеті, петроглифтер, тасмүйіздер тағы басқа құралдар қойылған. 40 мыңнан аса экспонаттық қор бар. Бұл көрме көрермендердің қатарын одан әрі көбейту үшін жұмыс істейтін болады, – дейді Дәулет Қожақов. Музей басшысының айтуын-

ша, бүгінгі күнде халықтың рухани әлемі, мәдени деңгейі даму үстінде. Бір қуантарлығы, бірер жыл бұрын мектеп оқушылары мен студенттер музейге үлкендердің мәжбүрлеуімен келсе, қазір әрбір отбасы өз қалауымен келіп, қызыға аралайды екен.

Байқанымыздай балқаштық қолөнер шеберлері бұл шарадан тыс қалмапты. Сәндік-қолданбалы өнер шебері, қазақтың ұлттық қолөнерін жаңғыртып келе жатқан жас шебер Жангүл Саятқызы да қолынан шыққан бұйымдарды айтулы шараға ала келіпті.

– Түрлі оюлармен өрнектелген құрақ көрпеше, жастық, қолтық жастық, көрпе, балаларға арналған сумкалар, т.б. заттарды осы акцияға алып келдім. Қолөнермен



айналысқаным төрт жыл болды. Осы уақыт ішінде ұлттық өнерді насихаттап келемін. Бұйымдарды



Шежіремізден сыр шертіп, кешегіміз бен бүгінгімізді сабақтастырып келе жатқан мұражай ұжымы шеберлік сабақтарын да өткізді. Арай Ахметова, Асыл Серікқызы бастаған қызметкерлер бұрын-соңды ешкім көрмеген эксклюзив жәдігерлерді келушілер назарына ұсынды. Сонымен қатар, көрермендерге түрлі сайыстарға қатысуға мүмкіндік берді.

Мұражайға келушілердің пікірінше, қызықты шараның тәрбиелік мәні зор. Оқушыларды туған жерді сүйіп, құрметтеуге жетелейді. Ел тарихынан сыр шертетін мәліметтерге қызығушылықты арттырады. Көрермендер мұндай іс жалғасын тапса деген ниетпен тарқасты.

БАЛҚАШ

тамашалап жатқан көрермендер қызығып, сатып алуда, – дейді Жангүл Саятқызы.

• БАЙҚАУ

Жарқын болашаққа қанат қақты

Қарағанды қалалық білім бөлімінің қолдауымен қала мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетінің өрісін кеңейтуге бағытталған байқаулар дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Соның бірі – «Жарқын болашақ» олимпиадасы. Жыл сайын аталған сайысқа 7-11 сынып оқушылары қатысады. Жуырда «Жарқын болашақ» байқауының қалалық кезеңі өтіп, жүлдегерлер анықталды. Олар облыстық кезеңде бақ сынайтын болады.

«Жарқын болашақ» олимпиадасының негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазынасын кеңінен насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, мәдени дүниетанымын, ізденісін арттыру.

«Жарқын болашақ» байқауының қалалық кезеңінде қатысушылар «Сөз шеберлері», «Әнші-бұлбұлдар», «Жас қаламгер», «Бейнелеушілер», «Білгірлер» бағыты бойынша сынға түсті. Қазылар алқасы оқушылардың өнеріне баға беріп, жүлдегерлерді анықтады.

«Әнші-бұлбұлдар» аталымында Н.Әбдіров атындағы мектептің оқушысы Диас Бакриев I орынға лайық деп танылды. Ал Анна Ким, Руслан Сиралинов II орын иегер-

лері атанса, III орын Фатима Гатинаға, Кристина Корольковаға және Анастасия Хмельницкаяға бұйырды.

«Жас қаламгер» аталымында Шәкәрім атындағы гимназия оқушысы Майя Морозова I орынға ие болды. №86 ЖББ мектебінің оқушысы Дилнур Таирходжаева мен Н.Әбдіров атындағы ЖББ мектебінің оқушысы Фарзонай Ходжизода II орын иегері атанды. Ал, III орын Анастасия Шпакова, Даниэлла Шилина, Альфия Уристанбековаға бұйырды.

Ал, «Бейнелеушілер» аталымында I орын алған №86 ЖББ мектебінің оқушысы Софья Баталина. II, III орын алған оқушылар қатарында Анастасия Пуяткина, Диана Кобасова, Ясмин Жапарова, Алия Кошматова, Вероника Максимова,



Мария Поповичева бар. Барлық жеңімпаздарға диплом табысталды. «Жарқын болашақ» байқауының қалалық кезеңінде I орын жүлдегерлері болған оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды.

Айгүл ҚАДЫР,
Қарағанды қалалық білім бөлімінің әдіскері,
Күмісай БҮРКІТБАЕВА,
№33 мектеп-бөбекжай кешенінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қарағанды облысы: ауа райы						
	21 мамыр		22 мамыр		23 мамыр	
Қарағанды қаласы	+22	+8	+22	+8	+21	+9
Абай ауданы	+22	+7	+22	+7	+21	+9
Ақтоғай ауданы	+22	+7	+21	+7	+21	+7
Бұқар жырау ауданы	+19	+6	+20	+9	+20	+10
Қарқаралы ауданы	+19	+5	+19	+7	+19	+7
Нұра ауданы	+22	+8	+23	+7	+21	+10
Осакаров ауданы	+21	+8	+22	+9	+21	+11
Шет ауданы	+22	+7	+20	+6	+20	+7

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 сотында Гульшарат Сарсенбаевна Жанпейсованың 1991 жылы 21 қаңтарда туған Казбек Токсантайұлы Тусипбековті, хабарсыз жоғалып кетті деп жариялау туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды.

1991 жылы 21 қаңтарда туған Казбек Токсантайұлы Тусипбековтің орналасқан жері туралы қандай да бір мәліметтері бар барлық адамдарға Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 сотына, Қарағанды қаласы 22 ықшам ауданы, 17/1 мекенжайы бойынша хабарлауларыңызды сұраймыз, жарияланған күннен бастап үш ай ішінде».

№264

Құштықтаймыз!

Нұра ауданы Ақмешіт ауылының тұрғыны, ардақты күйеубаламыз **Думан Өмірқожаұлы НАМЫСОВ** мамыр айының 22 жұлдызы 70 жасқа толып отыр. Мерей мерекеніз құтты болсын! Алла Тағала шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, мықты денсаулық берсін.

Ұлдарыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріп, Алланың берген жасын жасап, аман-есен жүріңіз.

Нар тұлғаңыз киындықтан мойымай,
Илмейсіз ешқашан да қажымай.
Ұрпағың ұлағатпен бас иеді,
Қалай ғана қуанбасын, толқымай.

Қос аққудай жұптасып жұбыңызбен,
Мәпелеп өсірдіңіз, тарықпай кен.
Алладан бар жақсылық тілейміз ғой,
Алыпқа мәуесін жайған бәйтерекке тен.



Ізгі ниетпен: **Аманжол-Күлім, Марат-Дана, Қанат, Мәди.**

№270.

• ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Байқауға өтінім қабылданады

«Еңбек жолы» байқауы еңбек адамдарын, еңбек әулеттерін құрметтеуге, облыстың дамуына елеулі үлес қосқан отандастардың жетістіктеріне арналған. «Еңбек жолы» байқауына кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады (мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан). Байқаудың өңірлік және республикалық кезеңдеріне қатысу – тегін.

Байқау 3 номинация бойынша өтеді:

1. «Үздік еңбек династиясы»
Бұл номинацияда ең көп жұмыс тәжірибесі бар ең көп әулет, ең көп наградалармен және барлық меншік түріндегі ұйымдарда жұмыс істейтіндер таңдап алынды.

Ескерту:
Еңбек династиясы – осы ұйымда жұмыс істейтін және осы кәсіпорында кемінде 20 жыл еңбек өтілі бар бір отбасының екі немесе одан да көп ұрпақтарын (балалар немесе немерелері бар бір немесе екі жұбайы) білдіретін бір ұйым қызметкерлерінің тобы. Әулет бастысының бұрынғы еңбек қызметін бастаған еңбек әулетінің өкілі. Еңбек династиясы ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастардың кәсіптік бағдарлануына жәрдемдесуге, өз мамандығын насихаттауға тиіс.

2. «Үздік жас өндіріс қызметкері»
Бұл номинацияда 5 жылдан ас-

пайтын жұмыс өтілі бар ең белсенді және еңбеккер өндірістік қызметкер таңдалады.

3. «Жұмыс істеуші жастардың үздік тәлімгері»

Бұл номинацияда ең кем дегенде 20 жыл жұмыс тәжірибесі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалды. Өңірлік кезеңде а.ж. 1 мамыры мен 10 маусымы аралығында (қалалар мен аудандардың әкімдіктері) «Еңбек жолы» байқауына қатысуға үміткерлерден өтінімдер қабылдайды. Облыстық комиссия «Еңбек Жолы» байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздарын байқаудың өңірлік кезеңінің жеңімпаздары қатарынан а.ж. 20 шілдесіне дейін айқындайды. «Еңбек жолы» байқауына қатысу ережелері мен тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін, Сіз «Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» ММ-нің МО ИРБП-дан байланыс телефоны 8(7212)432062, Қарағанды облысының қалалары мен аудандары әкімдері аппараттарының сайттарынан ала аласыз.

• ЗАҢ

Талап қоюды реттеу шаралары

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 139-бабының 1-бөліміне сәйкес, талап қоюды қамтамасыз ету негіздері, шаралары, оларды ауыстыру және олардың күшін жою, талап қоюды қамтамасыз ету тәртібі, осы бапта көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің қағидаларында белгіленген.

Заңға сәйкес, талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар даулы актілерді және сот орындаушысының өндіріп алуды мүлікке айналдыруға байланысты атқарушылық іс жүргізуде жасайтын әрекеттерін тоқтата тұруы мүмкін.

Әкімшілік іс жүргізуде талап-арыздың негізгі бөлігін әкімшілік актілерге және лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне қарсы талаптар құрайды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 96-бабына сәйкес, шағым беру әкімшілік актінің, әкімшілік әрекеттің орындалуын тоқтата тұрады. Осыған қарамастан, талапкерлер іс бойынша талап қоюды қамтамасыз ету шараларын мәлімдеуге құқылы, өйткені әкімшілік актінің

уақытылы орындаудың жағымсыз салдары болуы мүмкін, мысалы, шоттарды бұзғатпау, мүлікке тыйым салу, мүлікті сату және т.б.

Талапкерлер даулы әкімшілік актінің қолданылуын тоқтата тұру, даулы актіні орындау бойынша нақты әрекеттерге тыйым салу, мысалы, мүлікті сату бойынша аукциондарды тоқтата тұру, шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы бұйрықтың орындалуын тоқтата тұру сияқты талап қоюды қамтамасыз ету туралы шағым жібере алады.

Т.ЖАБЫҚПАЙ,
Қарағанды облысының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР
Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕВ АРМАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕВ АРМАН ШИНАЛАР САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• ҚҰРМЕТ

Көмескіленбес көшелі болмыс

Арқа журналистикасының дамуына елеулі еңбек сіңірген, қаламы қарымды, талай журналиске ұстаз болған, белгілі журналист, жазушы, қоғам қайраткері Қуандық Шамахайұлына өзі қызмет жасаған оқу орны Қарағандыдағы Е.Бөкетов университетінде бұрыш ашылды. Ізгілікті іс журналистика кафедрасының құрылғанына 30 жыл толуына арналған шаралар аясында жүзеге асты.

естеліктерін бөлісті. «Жақсының аты, галымның хаты өлмейді» демекші, өзі жоқ болғанымен шәкірттері бар ұстаздың соңына қалдырған еңбектері өз құндылығын жоғалтқан



Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қуандық Шамахайұлы 1960 жылы 1 қаңтарда Монғолияда дүниеге келген. 1983 жылы Монғол мемлекеттік университетін «Журналистика» мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын «Ардын эрх» және «Ил товчоо» газеттерінде бастаған. Өзге елде жүрген қандастарымыз отанына үлере қоныс аударған ұлы көшпен бірге 1993 жылы Қуандық Шамахайұлы да атамекеніне оралады. Елін, жерін аң-

сап келген қарымды журналист Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне қызметке орналасып, шәкірт тәрбиелеуге белсене араласады. Ұстаздық еткен жылдарында өзінің білім-біліктілігі, таным-түйсігінің кеңдігі, парасаттылығы жағынан оқ бойы озық тұрды. Заман ағысына ілесіп отырып, шәкірттерінің озық ойлы болуына аянбай еңбек сіңірді. Осындай ұстаздан тағлым алған шәкірттері, көзкөрген замандастары, қызметтес әріптестері мен жазушы-журналистің отбасы аталмыш шараға арнайы келіп,

жөк. Шараның ашылуында сөз алған филология факультетінің деканы Елдос Түйте жылы лебізін білдіре келе, соңына өшпес мол мұра қалдырған Қуандық Шамахайұлының шығармашылығын журналистика саласына машықтанып жүрген студенттерге насихаттаудың маңызына тоқталып өтті. Ұлағатты ұстаз туралы ардагер журналистер Әли Тойжігіт, Ермек Балташұлы, Рахима Шарипова, бірге қызметтес болған Қойлыбай Асанов, Жанболат Бөжік, журналистика кафедрасының меңгеру-

шісі Жанар Рамазанова, шәкірттері Ерказы Сейтқали, Гүлмира Аманжолова, Жазира Есепхан, қарындасы Сайра Шамахай естеліктерін бөлісті. Ұлағатты ұстаздың «Шөлейт жақта» атты кітабының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.

– Қазақстанға оралуға ниеттеніп жүрген кезі болуы керек. Жұмыс орныма келді. Атақонысқа оралатындығын айтып, жұмыс табуға көмек көрсетерсіз деген өтінішін жеткізді. Өзі журналист, өзі сөзге ширақ азаматтың жерде қалмайтынын бірден түсіндім. Әрі қазақ тіліне деген ерекше құрметіне тәнті болдым, – дейді ардагер журналист Әли Тойжігіт.

Шәкірттері де ол кісінің адамгершілігінен бөлек сабақ берудегі ерекше шеберлігіне тоқталды. Әр шыққан материалды талдау, басылымдарды қалт жібермей қалдағалап отыру, шәкірттерін жігерлендіруі олардың ізденуіне даңғыл жол салғандығын тілге тиек етті.

– Адам өлген күні өлмейді, еске алмаған күні өледі» дейді халық даналығы. Былтыр қапияда көз жазып қалсақ та, Қуандықты замандастары, әріптестері, ауылдас достары, шәкірттері, бауырлары ұмытпай, үнемі құрметпен еске алып келеді. Бұл әрине, марқұмның қысқа да болса өнегеге толы мағыналы ғұмыр кешкенінің айғағы. Расында оның өмір тарихы, жүріп өткен жолы оның дара дарынын, биік парасатын, ешқашан мұқалмаған қажыр-қайратын, ел мүддесі, ұлт тағдыры жолындағы қайтпас азаматтық ұстанымын көрсетеді, – деп тебіреніспен еске алды жары Айна Құрманғали.

Саналы ғұмырында соңына өшпес із қалдырған Қуандық Шамахай Л.Гумилев атындағы университетте, Шабыт және Қаржы академиясында ұстаздық етті. Филология ғылымында көп ізденіп, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, қауымдастырылған профессор дәрежесін иеленді. Көптеген оқулықтар мен монографиялар жазды, 200-ге жуық ғылыми мақалалар шығарды.

• ДЗЮДО

Ардагер спортшылар абыройы

Қарағандылық ардагерлер дзюдодан Оңтүстік Кореяда өткен Азия ойындарында үздік атанды.

Жерлестеріміз үш алтын, екі күміс медальға ие болып, бөтен елден беделмен оралды. Атап айтар болсақ, Болат Манабаев, Қанат Сағындық, Евгений Кондратьев алтын алса, Дидар Ахметжанов пен Дәурен Қожин күміс тұғырдан көрінді. Балуандар белдесудің алғашқы айналымында-ақ өздерін көрсете білді.

– Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Құрлықтың ең мықты деген ардагер дзюдошылары бақ сынады. Алайда, біздің балуандар алдына кара салмады. Құрама сапындағы әр балуан өзі менгерген ең тиімді әдістерді еркін пайдалана білді. Соның арқасында ауыз толтырып айтарлық нәтижеге қол жеткіздік, – дейді Қарағанды облыстық дзюдо федерациясының вице-президенті және Азия ойындарының жеңімпазы Евгений Кондратьев.



• ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

«Сарыарқа барысы» басталады

Қарағандының жеңіл атлетика маңежінде қазақ күресінен «Сарыарқа барысы» облыстық турнирі өтпек.

Аталған турнирге 18 жастан асқан әуесқой спортшылар қатыса алады. «Сарыарқа барысында» бағы мен бабы қатар келген балуан республикалық «Қазақстан Барысында» белдесуге мүмкіндік алады. Жыл сайын дәстүрге айналған қазақ күресінің бұл байқауы көпшіліктің қызығушылығын арттыруда. Әсіресе, ұлттық спортсүйер жастар мен көкпаршы қауым қатысуға ниет білдіруде. Күрестің басталуы 21 мамыр күні сағат 12:00-де.



• ФУТБОЛ

«Super bol»: болашақ ақаң бағдар бар

«Super bol» спорттық жобасы Қазақстанда тағы да басталды. Бұл жолы спорттық іс-шараға іріктеу кастингі Қарағанды қаласында өтпекші.

Жалпыға мәлім бұл реалисти-шоу жағ футболшылар үшін арманға қанат қағуға көмектесер бірден-бір шара. Тіпті, кәсіпқой футбол алаңынан көрінуге де жол ашылмақ дейді бапкерлер. Қатысушылар жасы 16-24 жасқа дейін.

Тағы бір айта кетерлігі, жобаның басты ерекшеліктерінің бірі өзара жеңіске жеткен командалар отандық және шетелдік футбол клубтарын финалдық кездесуге шақырта алады. Өткен жылы іріктеуден 6 мыңға жуық футболшы өткен. Бұл аз десеңіз, осы бір шоудың арқасында тоғыз жас футболшы әлемдік танымал футбол клубтарымен келісімге отырған. Кастинг «Шахтер» стадионының қосалқы алаңында өтеді.

Дайындаған Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық киімді ұлықтаған



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қайтсем де қазақтың ұлттық киімдерін бренд қыламын» деп, жарғақ құлағы жастыққа тимеген кәсіпкер тойға арналған ұлттық нақыштағы киімдерді тігіп, жалға беруді қолға алды. Адал ниет, алға қойған мақсат, ілкімді ізденіс, шалқар шабыт ұлттық киімдердің насихатталуы дәл осы той-томалаққа деп тіккен киімдерден бастау алған еді. Ойға алған іс орындалмаған сәттерде «жабамын» деп жабығып, тіпті басқа шаруамен айналысқан уақыттарды да бастан өткерген «Нұрәсемнің» кәсібі осы 30 жылдың ішінде дамудың даңғыл жолына түсіп, шарықтап, шалқыған сәттермен ұласты. 1999 жылы «Салтанат» халықтық ән-би ансамбліне киім тігіп, Бургас қаласына да барды. «Нұрәсем» ісмерлерінің қолынан шыққан оқалы шапан, бүрмелі көйлек, сәнді сәу-келе, әсем тастармен әшекейленген қамзолдар шетелдіктердің қызығушылығын тудырған еді.

– «Нұрәсем» мен «Салтанат» халықтық ән-би ансамблі тығыз жұмыс жасады.

1995 жылы Түркияға, 1999 жылы Бургас қаласына барған гастрольдік сапарымызда «Нұрәсемнің» киімдерін кидік. Сапасы өте керемет. Әр киімнің мазмұнына ерекше мән беретін. Бас киім, қамзол, аяқ киімнің оюларының бөлек болатындығын Венера Әбдіғалиқызынан алғаш естідім де, таңғалдым. Ол кісі өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Мата таңдау, өлшем алу, пішу, тігу дегенді өзі қадағалайтын еді. Әсіресе, біздің ансамбльге ерекше назар аударды. Түрлі жеңілдіктер де жасап тұрды, – дейді «Салтанат» халықтық ән-би ансамблінің балетмейстері Ләйла Төлеуқызы.

Сан тараулы жолда еңсесі түспей, «Нұрәсемнің» дамуына өлшеусіз үлес қосқан Венера Исинаны жолдасы Алмас және балалары үнемі қолдап, демеу беріп отырды. Отбасындағы өзара ұйымшылдық сән үйінің керегесін кенге жаюына ықпал етті. «Саусак бірікпей, иіе қолға ілікпейді» деген осы болар, сіра. Қарағанды қаласымен қатар, Астана қаласында да бірнеше филиалдары жұмыс жасайды. Сән үйінің киімдеріне деген сұраныс

артқалы қашан?! Ергеректе ұлттық киімді тек Наурыз мерекесінде ғана іздесе, бүгін жыл он екі ай іздеп жүретіндер қатары артақ. Венера апайдың да ау бастағы мақсаты орындалды. Көкейдегі осы арманы араға сан жыл салып, көз алдында жүзеге асты. Қазақтың оюлы шапаны мен зерлі тақиясын екінің бірі киіп жүреді. Тегілен тердің өтеуі осындай-ақ болсын.

Бүгінде іс тігетін шеберханалар көп. Әркім таңдағанына барады. Бірақ, басым бөлігі «Нұрәсемді» таңдайды. Себебі, жауапкершілік бар, сапа бар, бірін-бірі қайталамайтын киімдері көздің жауын алады. Кәсіпкерлік алаңында өзінің айшықты қолтаңбасымен белгілі. «Нұрәсем» – ісмерлер ұстаханасы. Отыз жыл ішінде осы жерден



үйреніп, өз жеке кәсіптерін дөңгелетіп отырған қыз-келіншектер де баршылық. Бұл, әрине Венера Әбдіғалиқызының ұлттық өнерге деген жанашырлығының белгісі деп түсінген жөн.

– Венера ханымның бір ерекшелігі – еңбекқорлығы мен талапшылдығы. Ол кісі қолға алған ісін соңына дейін жеткізеді. Шығармашылық адамы болғаннан

кейін үнемі ой үстінде жүреді. Салмақты, сабырлы жан. «Нұрәсемнің» ұлттық киімдер қоры өте бай. Әрі бірін-бірі қайталамайды. Бұл жерде барлық жағдай жасалған. Өзіне ұнаған киімге тапсырыс бере аласың немесе жалға аласың. Барлық мүмкіндікті жасап қойған. Өте қолайлы. Бұл – әр адамның таңдауы ұлттық киімге түссе екен деген шынайы көңілден туған қолдау. Ұмыт бола бастаған ұлттық киімдеріміздің ортамызға оралуына 30 жыл ғұмырын саналы түрде арнаған адамға «Ұлттық киімнің жанашыры» деген атақ берсе де артық емес, – дейді әріптесі Ақмоншақ Әбеуова.

Отыз жыл аз уақыт емес. Осы жылдарда ұлттық ой-өрнек, ұлттық киімдеріміздің жаңғырып, жандануы еселі еңбектің жемісі. Мерейтой аясында сән үйіндегі ұлттық киімдер қатары «Жібек жолы», «Сәукеле», «Сарыарқа өрнектері»,

«Қызыл бұрыш» коллекцияларымен толықтақ. Әрқайсысы мағыналы мазмұнға ие. Шеберлердің өнер тамған он сауағынан шыққан әсем бұйымдар, оқалы шапан, оюлы қамзол, қос етек бүрмелі көйлекті кім қиссе де, құлпырған түрге еніп шыға келеді.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауағда Ағрағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖУМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 күнәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KСJВKZKХ БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№55 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпшіліктері органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**